

Маңғыстау облысының 2003-2005 жылдарға арналған Аймақтық демографиялық даму бағдарламасы туралы

Маңғыстау облыстық мәслихаттың 12 қыркүйектегі N№28/309 шешімі. Маңғыстау облыстық әділет басқармасында 2003 жылғы 22 қыркүйекте N 1518 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес облыстық мәслихат ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Маңғыстау облысында 2003-2005 жылдарға арналған Аймақтық демографиялық даму бағдарламасы бекітілсін (қоса беріліп отыр).
2. Осы шешім жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Сессия төрағасы

Облыстық

мәслихаттың хатшысы

Маңғыстау облыстық мәслихатының
 "Маңғыстау облысының 2003-2005 жылдарға
 арналған демографиялық даму бағдарламасы туралы"
 2003 жылғы 12 қыркүйектегі N 28/309
 шешімімен бекітілген

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ 2003-2005 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ БАҒДАРЛАМАНЫҢ ПАСПОРТЫ

| | |
|---|--|
| Атауы | Маңғыстау облысының 2003-2005 жылдарға арналған демографиялық даму Аймақтық бағдарламасы» |
| Әзірлеу үшін негіз | Қазақстан Республикасы Үкіметінің«Қазақстан Республикасының демографиялық дамуының 2001-2005 жылдарға арналған бағдарламасы туралы" 2001 жылғы 30 Қазандағы N№1380 Қаулысы |
| Негізгі әзірлеуші | Маңғыстау облысы бойынша күші-қон және демография басқармасы |
| Бағдарламаның негізгі мақсаты | Маңғыстау облысының демографиялық процестеріндегі келеңсіз үрдістерді еңсеру үшін кешенді шешімдерді іске асыру және осы негізде халық санының өсуіне қол жеткізу |
| Бағдарламаның негізгі міндеттері | Тууды тұрақтандыру және өсіру; өлімді азайту, халықтың денсаулық жағдайын жақсарту; отбасы институтын нығайту; халықтың өмір сүру жағдайын жақсарту |
| Қаржыландыру көздері | Бағдарламаны қаржылай қамтамасыз ету жыл сайын әлеуметтік салаға арнап көзделетін бюджет қаржысы есебінен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржыландыру көздерінен жүзеге асырылатын болады |
| Күтілетін нәтижелер | Табиғи өсім және халықтың денсаулығын нығайту арқылы халық санының өсімін ұлғайту және тұрақтандыру барлық жас топтары арасында аурулар деңгейін төмендету. 2003-2005 жылдары халық санының тұрақты өсуінің алғышарттары жасалды |
| Іске асыру мерзімі | 2003-2005 жылдары |

КІРІСПЕ

Маңғыстау облысының демографиялық даму Аймақтық бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 30 қазандағы N№1380 "Қазақстан Республикасының демографиялық дамуының 2001-2005 жылдарға арналған бағдарламасы туралы" қаулысына сәйкес әзірленді.

Маңғыстау облысы демографиялық дамуының Аймақтық бағдарламасын әзірлеу халықтың сандық та, сапалық та дамуына жағдай жасау үшін, тұтас алғанда, мемлекеттік биліктің барлық тармағының және қоғамның нысаналы, дәйекті қызметін жүзеге асыру жөніндегі бірыңғай стратегия әзірлеу қажеттігінен туып отыр.

Осынау проблеманың өзектілігі, ең алдымен оның экономикалық және әлеуметтік-саяси қауіпсіздікке ықпал ететін факторлардың бірі болып табылатындығына байланысты болып отыр. Онда мемлекеттің, қоғамның және адамның өмірлік маңызды мүдделері астасып жатыр. "Қазақстан-2030" Стратегиясында күшті демографиялық саясат, еліміздің ұлттық қауіпсіздігінің жетекші басымдық дәрежесіне шығарылған.

Ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2003 жылғы 4 сәуірдегі Қазақстан халқына Жолдауында еліміз халқының санын ұлғайту міндеті қойылған.

Маңғыстау облысының демографиялық даму Аймақтық бағдарламасы облыс халқының табиғи және ырықсыз қозғалысындағы негізгі үдерістерді: халықтың өсіп-өнетін денсаулық жағдайын жақсарту және тууды ынталандыру, өлімін азайту, және көші-қонды реттеу жөнінде шаралар алу жолымен тууды, өлімді және көші-қонды реттеуге бағытталған.

Осы бағдарламаны дайындауда негіз болған көздер:

Қазақстан Республикасының демографиялық дамуының 2001-2005 жылдарға арналған бағдарламасында көрсетілген мақсаттар мен міндеттер;

Маңғыстау облысында 2003 жылдың ортасына шейін қалыптасқан демографиялық және көші-қон үдерістері;

Маңғыстау облысы экономикасының әртүрлі секторларының жай-күйі мен дамуы; орта мерзімдік келешектегі Маңғыстау облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының бағдарламалары мен жоспарлары.

1. МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖАЙ-КҮЙІН ТАЛДАУ

Облыстың соңғы жылдардағы демографиялық ахуалы туудың көбею, көшіп-келушілер санының өсуі нәтижесінде қолайлы деп бағаланады.

Егер 1999 жылғы халық санағы нәтижесінде Маңғыстау облысында халық саны 314669 адам болса, соның ішінде қалалық жерде - 246848 адам /78,4%/, ауылдық жерде - 67821 адам /21,6%/, Маңғыстау облысының статистика басқармасының мәліметі бойынша 2003 жылғы 1 маусымға облыс халқының саны 342,8 мың адам болды, соның ішінде 264,1 мың адам /77,0%/ - қала және 78,7 мың адам /23,0%/ - ауыл тұрғындары.

Ағымдағы жылдың қаңтар-мамыры аралығында облыс бойынша туылғандар саны **3134** (2002 жылы - 2987), өлгендер саны **1119** (2002 жылы - 1067), некеге тұрғандар саны **1091** (2002 жылы - 1015), ажырасулар саны **366** (2002 жылы - 327) адам құрады.

Ағымдағы жыл басынан бері облыста 1 жасқа дейінгі **68** нәрестенің шетінегені тіркелді (2002 жылы - 71). Облыс бойынша нәресте өлімінің коэффициенті 1000 тірі нәрестеге шаққанда **21,74** сәби құрады (2002 жылы - 24,94).

1 жасқа дейінгі нәресте өлімінің себебінде басты салмақ үлесі (29,4%) тыныс алу мүшелерінің ауруларына, туа бітті ауытқулар және перинаталды кезеңде пайда болатын патологиялық жағдайларға келіп отыр. Өлімнің жалпы коэффициенті 2003 жылдың 1 маусымына 1000 адамға 7,91 адам құрады. Халық өлімі арасында негізгі себептің басты салмағы (44,2%) қан айналымы жүйесіндегі аурулар алып отыр.

Егер ағымдағы жылдан бастап облыс бойынша көшіп кетушілер саны **272** адамды құраса, онда көшіп келушілер саны **2390** адам құрап, нәтижесінде көші-қон сальдосы, **2 1 1 8** а д а м к ұ р а д ы .

2003 жылдың қаңтар-мамырында халықтың табиғи өсімі 2016 адамды құрады, бұл 2002 жылдың тиісті кезеңінен 96 адамға көп.

Көші-қон үдерістерін реттеу демографиялық саясатта маңызды аспектілер болып табылады. Маңғыстау облысының экономикалық және геосаяси жағдайындағы сыртқы көші-қонды құрайтын көшіп келушілік құрайды. Тек қана 2003 жылдың 5 айында облысқа келушілер саны 2390 адамды құрады.

Облыстың демографиялық жағдайына жергілікті ұлт өкілдері ағынының ұлғаюы оңды ықпал етуде. 2003 жылдың 1 шілдесіндегі жағдай бойынша Маңғыстау облысы бойынша көші-қон және демография жөніндегі басқармасында облысқа 1991 жылдан бері қоныс аударған **43890** оралман ресми тіркелген.

Егер 2002 жылы облысқа 7236 адам қоныс аударса, онда ағымдағы жылдың 7 айында қоныс аударғандар саны 3546 адам құрады, соның ішінде:

| Қай елден келгені | Адам саны | |
|---------------------|---------------------------------------|------------------------------------|
| | 01.01.2002 жылдан 01.01.2003 дейін | 01.01.2003 жылдан 01.08.2003 дейін |
| Түркменстан | 3522 | 1620 |
| Өзбекстан | 3613 | 1859 |
| Р е с е й | 87 | 62 |
| Қ ы р ғ ы з с т а н | 2 | 0 |
| Украина | 3 | 4 |
| Иран | 9 | 1 |
| Барлығы : | 7236 | 3546 |

1999 жылғы халық санағы бойынша соңғы он жылда облысымыздың ұлттық-этникалық құрамында елеулі өзгерістер болды, қазақ тұрғындары 82500 адамға көбейді /50%/, тұрғындардың жалпы санындағы үлес салмағы 50,9-дан 78,7 пайызға өсті. Орыстар 60200 адамға /56,3%/, украиндықтар - 6100 адамға /59,4%/, өзбектер - 500 адамға /58%/, немістер - 600 адамға /51,2%/, татарлар - 2700 адамға /52,1%/, белорустар - 1100 адамға /63,9%/ азайды.

2. ОБЛЫСТЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Қалыптасып отырған жағдайға байланысты, сонымен қатар Қазақстан Республикасы демографиялық дамуының 2001-2005 жылдарға арналған бағдарламасында көрсетілген негізгі мақсаты - облыс халқы санын, сапалық өсіру
б о л ы п т а б ы л а д ы .

Бағдарламаның мақсаты - Маңғыстау облысының демографиялық үдерістегі келеңсіз беталысын еңсеру үшін кешенді шешімдерді іске асыру және осының негізінде халық санының өсуіне қол жеткізу, облыстың әлеуметтік экономикалық одан әрі дамуы үшін адам әлеуетімен қамтамасыз ету болып табылады.

Бағдарламаның негізгі міндеттері:

ұрпақтар алмасуын қамтамасыз етіп, болашақта демографиялық өсімге қол жеткізу үшін байқалып отырған бала туудың өсу беталысын сақтау;

х а л ы қ д е н с а у л ы ғ ы н с а қ т а у ;

облыс халқының өлу көрсеткішін одан әрі азайту, өмірөзақтығын арттыру;

к ө ш і - қ о н ү д е р і с т е р і н р е т т е у ;

неке-отбасы қатынастары мен оның жалпы әлемдік беталысына сәйкес үйлесімді дамуын нығайту және дамыту;

облыс халқы өмірінің сапалық деңгейін арттыру және дамыту.

3. БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

3.1. Тууды өсіру

Маңғыстау облысында тууды өсірудің негізгі бағыттары :

бала мен отбасы институты құндылықтарын насихаттау;

жүкті, босанатын, босанған әйелдер мен жаңа туған нәрестелерді қажетті дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету;

жүкті әйелдерді жатыр ішіндегі инфекциясына, шарананың өсіп жетілуіндегі туа бітті ауытқуларына, жыныс жолымен берілетін инфекциясына бақылауды қамтамасыз ету.

3.2. Өлімді азайту

Маңғыстау облысында өлімді азайтудың негізгі бағыттары:

Маңғыстау облысының 2003-2005 жылдарға арналған өкпе ауруымен күресті күшейту» Аймақтық бағдарламасын әзірлеу және іске асыру;

облыстың мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметін йодпен

байытылған азық-түліктердегі йод құрамын анықтау үшін арналған жедел жинақтармен және реактивтермен жабдықтауды ұйымдастырумен қамтамасыз ету;
сәбилердің шетінеуін азайту мақсатында кішкене балалардың тыныс алу ауруына, өкпе қабынуына және іш ауруына шалдығуына қарсы күрес жөніндегі Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымы бағдарламасын енгізу;
алғашқы медициналық санитарлық жәрдем ұйымдарында әсіресе ауылдық жерлерде телефон және көлік байланысын жақсарту;
мектеп оқушылары мен жас өспірімдердің жол-көлік апаттарынан жарақаттануын азайту мақсатында іс-шаралар әзірлеу;
барлық өндірістік кәсіпорындарда қауіпсіздік техникасы қызметтерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету арқылы жазатайым оқиғадан, өндірісте жарақат алудан х а л ы қ т ы ң ө л і м і н а з а й т у ;
бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халықтың салауатты өмір салтын насихаттаудың пәрменділігін арттыру жолымен нашақорлықтың және маскүнемдіктің т а р а л у ы н а қ а р с ы к ү р е с у ;
қоршаған ортаның гигиенасы жөнінде өңірлік бағдарламасын әзірлеу;
Каспий теңізі жағалауы бойынша ластану көздерін жою жөнінде жобаларды әзірлеу ж ә н е і с к е а с ы р у ;
"2003-2005 жылдарға арналған дене шынықтыру және спортты дамыту" кешенді б а ғ д а р л а м а с ы н і с к е а с ы р у ;
аналары ауыратын 1 жасқа дейінгі балаларды тегін тамақтандырумен қамтамасыз ету.

3.3. Неке-отбасы қатынастары

Неке-отбасы қатынастарын дамытуда негізгі перспективасы дәстүрлі отбасын нығайту болып табылады.

Неке-отбасы қатынастарын дамыту саласының басымдық бағыттары, орташа - 2003-2005 жж., сонымен қатар ұзақ мерзімді келешекте мыналар болып табылады:

зорлық-зомбылықтан зардап шеккен әйелдер үшін баспана құру;
бұқаралық ақпарат құралдарында үлгілі отбасы, этно-мәдени дәстүрлер мен нормаларды қайта жаңғырту, отбасының адамгершілік негіздерін күшейту жөнінде жұмыс жүргізу;

АХАЖ қызметінде некеге тұру, отбасылық өмірге және отбасылық жоспарлауға дайындау жөнінде лекциялар өткізуді жаңғырту.

3.4. Көші-қон

Маңғыстау облысында болып жатқан көші-қон үдерістеріне қатысты демографиялық даму бағдарламасының негізгі бағыттары келесі шаралар болып табылады:

көші-қон квотасына сәйкес көшіп келген оралмандардың жанұяларын қабылдау мен орналастыру жұмыстарын ұйымдастыру;

белгіленген квотаға сәйкес 1992-1998 жылдар аралығында қоныс аударған 650 оралмандар отбасыларын тұрғын үймен қамтамасыз ету;

Маңғыстау облысына квотадан тыс көшіп келген оралмандар жанұяларына мүмкіндігінше көмек көрсету;

оралмандарды азаматтыққа қабылдау жөніндегі материалдарды ресімдеу үдерісінің көлемін ұлғайту және жеделдету жөнінде шаралар қабылдау;

оралмандарға арналған бейімделу және іріктелу орталығын құру;

2003-2005 жылдарға арналған кедейшілікті төмендету және жұмыспен қамту жөніндегі өңірлік бағдарламаның шеңберінде қарастырылған, оралмандарды әлеуметтік қорғауға және қамтамасыз етуге бағытталған, бағдарламалық көрсеткіштерді орындауға қол жеткізу: кәсіптік дайындықты ұйымдастыру; біліктілікті жоғарлату және қайта дайындау, өз ісін ұйымдастыру үшін оралмандарға басымдық негізі шағын несиелердің бөлінуін ескеру;

жер учаскелерін сатып алуға қаржы бөлу және шаруашылықтарын ұйымдастыруға ұзақ мерзімге несиелермен қамтамасыз етумен оралмандарды қалалардан ауылдық елді мекендерге көшіру тетіктерін әзірлеу;

оралмандарға еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігінің Республикалық деректер базасынан жұмысшы күшіне сұраныс туралы ақпараттар беру;

Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметтерін жүзеге асыру үшін шетелдік еңбек күшін тартуға мекемелерге ұлықсат беруге бақылауды күшейту.

3.5. Маңғыстау облысы халқының сапалық өсуі және оның экономикалық өсуі

Маңғыстау облысы дамуының маңызды басым бағыты облыс халқының экономикалық өсуді қамтамасыз ету мақсатындағы сапалық өсуі болып табылады.

Осы бағытта орта мерзімді 2003-2005 жылдардағы перспективадағы негізгі іс-шаралары мыналар болып табылады:

жекеменшік секторды дамыту есебінен мектепке дейінгі мекемелері желісін дамыту және 5/6/ жастағы балаларды мектепке дейінгі дайындықпен толық қамту;

жалпы білім беру мектептерінің, кәсіптік-техникалық мектептердің, кәсіптік-техникалық лицейлердің, колледждердің желісін ұлғайту;

жаңа ақпараттық технологияларды Қолдана отырып білім беру және басқару қызметін автоматтандыру салаларында бірыңғай ақпараттық кеңестік құру.

Тұтастай орта мерзімдегі перспективада 2005 жылға дейін жалпы білім беру мектептерінің, орта білім беру ошақтарының, кәсіптік-техникалық училищелер оқушыларының жинақталған құрамын көбейту. Облыстың бала-бақшаларында орын с а н ы н к ө б е й т у .

Мәдениет саласында осы кезеңде әрекет үстіндегі мұражайлардың, филармонияның , мәдениет сарайларының, клубтар мен кітапханалардың материалдық-техникалық б а з а с ы н н ы ғ а й т у .

Дене шынықтыру мен спорт саласында іс-шаралар Маңғыстау облысының 2005 жылдың аяғына дейінгі дене шынықтыру мен спортты дамыту тұжырымдамасымен ұштастыралатын болады.

Маңғыстау облысының демографиялық дамуы бағдарламасының маңызды бағыттарының бірі оны Маңғыстау облысының экономикалық дамуымен, жаңа жұмыс орындарын құрумен, кедейшілікке қарсы күреспен ұштастыру болып табылады.

Облыстың кедейшілікке және жұмыссыздыққа қарсы күрестің бағдарламасына сәйкес жұмыс жасап тұрған кәсіпорындарда жаңа жұмыс орындары құрылатын, жұмыссыздардың бір бөлігі қоғамдық жұмыстарға, кәсіптік білім беру курстарына тартылатын болады.

4. БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУҒА ҚАЖЕТТІ РЕСУРСТАР МЕН ҚАРЖЫ КӨЗДЕРІ

Маңғыстау облысының демографиялық дамуы бағдарламасын іске асыруда негізгі қаржы көздері мыналар болып табылады:

жергілікті бюджеттің қаражаты;
республикалық бюджеттің қаражаты;
әртүрлі арнайы қорлардың қаражаты;

инвесторлардың, кәсіпорындар мен облыс тұрғындарының қайырымдылық аударылымдары;

Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржыландыру көздері.

Бағдарламаны іске асыру кезінде теледидарда, радиода, баспасөзде идеологиялық жұмыстар кеңінен жүргізіледі. Облыстың қала көшелерінде, саябақтар мен алаңдарда, табиғат аясында т.б. салауатты өмір салтын, дәстүрлі отбасын насихаттайтын жарнамалар орын алады.

5. АЙМАҚТЫҚ БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУ ТЕТПІ

Аймақтық бағдарламаны іске асыру әлеуметтік-демографиялық саясат мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық базаны жетілдіру көздейді Алғашқы медициналық-санитарлық көмекті дамыту, жастардың тұрғын үй саясаты, өмір сүру қауіпсіздігін және салауатты өмір салтын қалыптастыру жағдайын, таза тағам мен ауызсуды қамтамасыз ету жөніндегі тиісті шешімдер қабылдануға тиіс. Халықтың өсіп-өну мәселелері бойынша медициналық қызмет үлесін ұлғайту жағына қарай медициналық көмекті қайта құрылымдау ұйымдастыру сипатындағы шаралар қабылданатын болады.

Бағдарламаны іске асыру үшін іс-шаралар жоспары әзірленді, ол көзделген іс-шараларды кезең-кезеңімен орындауды көздейді, бұл - мемлекеттік органдардың бағдарламаны орындау жөніндегі қызметін үйлестіруге және бақылауға мүмкіндік

б е р е д і .

Бағдарламаны іске асыру Өдерісін оралымды басқаруды Маңғыстау облысы бойынша көші-қон және демография басқармасы қамтамасыз етеді.

6. БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУДАН КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ

Бағдарламаны іске асырудың нәтижесінде облыс халқының саны 2005 жылы 362,4 мың адамға жетеді деп күтіледі.

Осы Бағдарламаны іске асыру халықтың өлімін азайтып соның нәтижесінде табиғи өсімнің өсуіне ықпал етеді. Халық денсаулығының сапалық нығаюы, барлық жастағы топтардың арасында ауруға шалдығу деңгейі төмендейді деп күтіледі.

Білім деңгейін жоғарлату, білікті кадрлар даярлау халық өмірінің сапалық деңгейіне әсер етеді және өңіріміздің экономикалық өсуіне ықпал етеді.

7. МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ 2003-2005 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН АЙМАҚТЫҚ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

| № | Іс-шаралар | Аяқталу нысаны | Жауапты орындаушылар | Мерзімі | Қаржыландыру көлемі және көздері |
|----------------------|---|----------------------------------|--|-------------------|---|
| Тууды ұлғайту | | | | | |
| 1. | Балалар мен отбасы институтының құндылығын насихаттау (жарнамалық проспектілер, бүктемелер, жарқағаздар, т.б. жасақтау) | Облыс әкімиятына ақпарат | Қалалар мен аудандардың әкімдері, ООЖӘІЖК, ОДБ, ОКДБ (келісім бойынша) | Тұрақты | Тиісті жылға бөлуге қарастырылған бюджеттік қаражат шегінде |
| 2. | Жүкті, босанатын және босанған әйелдер мен жаңа туылғандарды қажетті дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету | Облыс әкімиятына ақпарат | ОДБ | Тұрақты | Тиісті жылға бөлуге қарастырылған бюджеттік қаражат шегінде |
| 3. | Жүкті әйелдерді жатыр ішіндегі инфекцияларға, шарананың өсіп-жетілуіндегі ауытқуына, жыныстық жолмен берілетін инфекцияларға тексерілуін қамтамасыз ету | Облыс әкімиятына ақпарат | ОДБ | Тұрақты | Тиісті жылға бөлуге қарастырылған бюджеттік қаражат шегінде |
| Өлімді азайту | | | | | |
| 4. | Облыстық мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметін йодпен байытылған азық-түліктердегі йод құрамын анықтауға арналған жедел жинақтармен және реактивтермен жабдықтауды ұйымдастыру | Облыс әкімі мен әкімият актілері | ОДБ | 2003-2005 жылдары | Тиісті жылға бөлуге қарастырылған бюджеттік қаражат шегінде |
| 5. | | | ОДБ | | |

| | | | | | |
|----|---|----------------------------------|--|-------------------|---|
| | Маңғыстау облысында 2004-2006 жылдарға арналған туберкулезге қарсы күресті күшейту» Аймақтық бағдарламасын әзірлеу және іске асыру | Облыс әкімі мен әкімият актілері | | 2004-2006 жылдары | Тиісті жылға бөлуге қарастырылған бюджеттік қаражат шегінде |
| 6. | 2004-2005 жылдарға арналған "Диабет" Аймақтық бағдарламасын әзірлеу және іске асыру | Облыс әкімі мен әкімият актілері | ОДБ | 2003-2005 жылдары | Тиісті жылға бөлуге қарастырылған бюджеттік қаражат шегінде |
| 7. | Сәбилер шетінеуін азайту үшін сәбилердің тыныс жолы ауруларына, өкпе қабынуына және іш ауруларына шалдығуымен күрес жөніндегі Дүние-жүзілік денсаулық сақтау ұйымы бағдарламасын енгізу | Облыс әкімиятына ақпарат | ОДБ | Тұрақты | Қаржыланды- руды қажет етпейді |
| 8. | Ауру аналары бар 1 жасқа дейінгі балаларды тегін тамақпен қамтамасыз ету | Облыс әкімиятына ақпарат | Қалалар мен аудан - дардың әкімдері | 2003-2005 жылдары | Тиісті жылға бөлуге қарастырылған бюджеттік қаражат шегінде |
| 9. | Алғашқы медициналық -санитарлық жәрдем ұйымдарының, әсіресе ауылдық жерлерде, телефон және көлік байланысын жақсарту | әкімдер шешімі | Қалалар мен аудан - дардың әкімдері, ОДБ | 2003-2005 жылдары | Тиісті жылға бөлуге қарастырылған бюджеттік қаражат шегінде |
| 10 | Жазатайым оқиғадан, өндірісте жарақат алудан тұрғындардың өлімін азайтуға қол жеткізу, барлық өндірістік кәсіп-орындарда қауіпсіздік техникасы қызметтерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету | Облыс әкімиятына ақпарат | ЕжХӘҚМД (келісім бойынша) | Тұрақты | Қаржыланды- руды қажет етпейді |
| 11 | Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы салауатты өмір салтын насихаттау жолымен нашақорлық пен алкоголизмге қарсы күресті күшейту | Облыс әкімиятына ақпарат | Қалалар мен аудан - дардың әкімдері, АжҚКБ (келісім бойынша) ОДБ | Тұрақты | Қаржыландыруды қажет етпейді |
| 12 | Каспий теңізі жағалауының ластандыру көздерін жою жөнінде жобалар әзірлеу және оны іске асыру | Облыс әкімиятына ақпарат | ОҚОҚБ (келісім бойынша) ОТЖБ (келісім бойынша) ОТБ | 2003-2005 жылдары | Тиісті жылға бөлуге қарастырылған бюджеттік қаражат шегінде |
| 13 | Қоршаған ортаның гигиенасы туралы Аймақтық бағдарламаны әзірлеу | Облыс әкімі мен әкімият актілері | ОҚОҚБ (келісім бойынша), ОТБ, | 2003-2005 жылдары | Тиісті жылға бөлуге қарастырылған |

| | | | | | |
|----|---|----------------------------------|--|-------------------|---|
| | | | ОДБ, ОТЖБ (келісім бойынша) | | бюджеттік қаражат шегінде |
| 14 | "2003-2005 жылдарда дене шынықтыру мен спортты дамыту" бағдарламасын әзірлеу 20.06.2001 ж N 12/100 | Облыс әкімі мен әкімият актілері | Қалалар мен аудан - дардың әкімдері, ОСЖДМБ | 2003-2005 жылдары | Тиісті жылға бөлуге қарастырылған бюджеттік қаражат шегінде |
| 15 | Жетім балаларды, мүгедек балаларды, көп балалы отбасынан шыққан балаларды, толық емес жанұядан шыққан балалардың демалысын қамтамасыз ету | Облыс әкімиятына ақпарат | Қалалар мен аудан - дардың әкімдері, ОДБ,ОББ | Тұрақты | Тиісті жылға бөлуге қарастырылған бюджеттік қаражат шегінде |

Неке-отбасы қатынастары

| | | | | | |
|----|--|--------------------------|--|-------------------|--------------------------------|
| 16 | Үлгілі отбасы, этно-мәдени дәстүрлер мен нормаларды қайта жаңғырту, отбасының адамгершілік негіздерін күшейту жөнінде бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жұмыс жүргізу | Облыс әкімиятына ақпарат | Қалалар мен аудан - дардың әкімдері, ОКДБ (келісім бойынша) АЖҚБ (келісім бойынша) | Тұрақты | Қаржыланды- руды қажет етпейді |
| 17 | АХАЖ қызметінде некеге тұру, отбасын өмірге және отбасылық жоспарлауға дайындау жөнінде лекциялар өткізуді жаңғырту | Облыс әкімиятына ақпарат | ОӘБ (келісім бойынша) ОББ, ОДБ | Тұрақты | Қаржыланды- руды қажет етпейді |
| 18 | Зорлық-зомбылықтан зардап шеккен әйелдер үшін баспана құру | Әкімдер шешімі | Қалалар мен аудан - дардың әкімдері, ООЖӘІЖК | 2003-2005 жылдары | Республика- лық бюджет |

Көші-қон

| | | | | | |
|----|---|----------------------------------|---|-------------------|---|
| 19 | Көші-қон квотасына сәйкес көшіп келген оралмандардың жанұяларын қаблдау мен орналастыру жұмыстарын ұйымдастыру | Облыс әкімі мен әкімият актілері | Қалалар мен аудан - дардың әкімдері, ОКДБ (келісім бойынша) | 2003-2005 жылдары | Республика- лық бюджет |
| 20 | 1992-1998 жылдар аралығында белгіленген квотаға сәйкес қоныс аударған 650 оралманның жанұясын тұрғын үймен қамтамасыз ету | Облыс әкімиятына ақпарат | ОКДБ (келісім бойынша) | 2003-2005 жылдары | Республика- лық бюджет |
| 21 | Маңғыстау облысына квотадан тыс көшіп келген оралмандар жанұяларына мүмкіндігінше көмек көрсету | Әкімдер шешімдері | Қалалар мен аудан - дардың әкімдері, ОКДБ (келісім бойынша) | 2003-2005 жылдары | Жергілікті бюджет 2003 ж. - 11000000 т. 2004-2005жж.Тиісті жылға бөлуге қар |

| | | | | | |
|----|--|--------------------------------|--|---------------------|---|
| | | | | | растырылған бюджеттік қаражат шегінде |
| 22 | Оралмандарды азаматтыққа қабылдау жөніндегі материалдарды ресімдеу үдерісінің көлемін ұлғайту және жеделдету жөнінде шаралар қабылдау | Облыс әкімиятына ақпарат | ІІБ | Жыл сайын | Қаржыланды- руды қажет етпейді |
| 23 | Оралмандарға арналған бейімделу және іріктелу орталығын құру | Облыс әкімияты, әкім актілері | Қалалар мен аудан - дардың әкімдері, ОКДБ (келісім бойынша) | 2003 - 2005 жылдары | Республика- лық бюджет |
| 24 | 2003-2005 жылдарға арналған к е д е й ш і - лікті төмендету және жұмыспен қамту жөніндегі Аймақтық бағдарламаның шеңберінде қ а р а с т ы - рылған, оралмандарды әлеуметтік қорғауға және қамтамасыз етуге бағытталған , бағдарламалық көрсеткіштерді орын- дауға қол жеткізу: -кәсіптік д а й ы н д ы қ - ты ұйымдастыру, -біліктілікті жоғарлату және қайта д а я р л а у ; -өз ісін ұйымдасты- ру үшін оралмандар- ға басымдық негізі- де шағын несиелердің бөлінуін көздеу | Облыс әкімиятына ақпарат | Қалалар мен аудан - дардың әкімдері, ОЕЖХӘҚБ, ОКДБ (келісім бойынша) | 2003 - 2005 жылдары | Тиісті жылға бөлуге қа- растырылған бюджеттік қаражат шегінде |
| 25 | Оралмандарға еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігінің Республикалық деректер базасынан жұмысшы күшіне сұраныс туралы ақпараттар беру | Облыс әкімиятына ақпарат | ОЕЖХӘҚБ | Тұрақты | Қаржыланды- руды қажет етпейді |
| 26 | ҚР аумағында еңбек қызметтерін жүзеге асыру үшін шетел- дік еңбек күшін тартуға ұлықсат берген мекемелерге бақылауды күшейту | Облыс әкімиятына ақпарат | ЕжХӘҚМД (келісім бойынша) | Тұрақты | Қаржыланды- руды қажет етпейді |
| 27 | Жер учаскелерін сатып алуға қаржы бөлу және шаруашы- лықтарын ұйымдасты- руға ұзақ мерзімге несиелермен қ а м т а - масыз ету арқылы оралмандарды қалалардан ауылдық елді | Облыс әкімияты, әкімі актілері | Қалалар мен аудан - дардың әкімдері, ОКДБ (келісім бойынша) | 2003 - 2005 жылдары | Тиісті жылға бөлуге қа- растырылған |

| | | | | | |
|--|---|--|---|---------------------|--|
| | мекендерге көшіру тетіктерін дайындау | | | | бюджеттік қаражат шегінде |
| Маңғыстау облысы халқының сапалық өсуі мен оның экономикалық өсуі | | | | | |
| 28 | Ілкіде жалға берілген мектепке дейінгі балалар ұйымдарының ғимараттарын қайтару арқылы мектепке дейінгі балалар ұйымдарының желілерін кеңейту және мектепке дейінгі балалар ұйымы мекемелері негізінде балаларды мектепке дейінгі дайындық пен толық қамтылуын қамтамасыз ету | Қалалар мен аудандар әкімдерінің шешімдері | Қалалар мен аудандардың әкімдері, ОББ | 2003 - 2005 жылдары | Тиісті жылға бөлуге қарастырылған бюджеттік қаражат |
| 29 | Жалпы білім беру мектептерінің санын, бірінші кезекте ауылдық жерлерде, барлық түрдегі интернаттық мекемелердің санын ҚРҰ белгілеген желінің кепілдік нормативіне жеткізу соның ішінде: 1. Маңғыстау ауданындағы Ұштаған және Сай-Өтес селоларында мектептер салу; 2. Жаңаөзен қаласында мектеп салу; 3. Ақтау қаласының 22 ш/а мектеп салу; 4. Маңғыстау ауданының Тиген селосында мектеп салу | Қалалар мен аудандар әкімдері шешімдері | Қалалар мен аудандардың әкімдері, ОББ | 2003 - 2005 жылдары | Тиісті жылға бөлуге қарастырылған бюджеттік қаражат Республикалық бюджет Жергілікті бюджет Тікелей инвестициялар Жергілікті бюджет |
| 30 | Облыстық кәсіпорындар мен мекемелерді орта білімді кадрлармен мейлінше қамтамасыз ету мақсатымен кәсіптік техникалық мектептерге, кәсіптік техникалық лицейлерге және колледждерге оқушыларды қабылдауды ұлғайту | Облыс әкімиятына ақпарат | Қалалар мен аудандардың әкімдері, ОББ | 2003 - 2005 жылдары | Тиісті жылға бөлуге қарастырылған бюджеттік қаражат шегінде |
| 31 | Жұмыс жасап тұрған кәсіпорындарда жұмыс орнының санын ұлғайту және қосымша жұмыс орындарын құру | Облыс әкімиятына ақпарат | Қалалар мен аудандардың әкімдері, ОЕЖХӘҚБ | Тұрақты | Жергілікті бюджет |
| 32 | | Облыс әкімиятына ақпарат | Қалалар мен аудандардың әкімдері, ОББ | Тұрақты | Жергілікті бюджет |

| | | | | | |
|----|--|--------------------------|----------------------------------|-----------|---|
| | Жалпы білім беру мектеп оқушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету | | дардың әкімдері, ОББ | | |
| 33 | Маңғыстау облысы мен Ақтау қаласының туристік экскурсиялық мүмкіндіктерінің жарнамалық турларын өткізу | Облыс әкімиятына ақпарат | Ақтау қаласының әкімияты, ОСЖДМБ | Жыл сайын | Тиісті жылға бөлуге қарастырылған бюджеттік қаражат |

Пайдаланылған қысқартылған сөздер тізімі:

ОББ - Облыстық білім басқармасы
 ООЖӘІЖК - облыстық отбасы және әйелдер істері жөніндегі комиссия
 ОКДБ - Маңғыстау облысы бойынша көші-қон және демография басқармасы
 ЕжХӘҚМД - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті
 АжнКБ - Маңғыстау облыстық ақпарат және қоғамдық келісім басқармасы
 ОҚОҚБ - Маңғыстау облыстық қоршаған ортаны қорғау басқармасы
 ОТБ - Маңғыстау облыстық табиғатты пайдалану басқармасы
 ОТЖБ - Маңғыстау облыстық төтенше жағдай жөніндегі басқармасы
 ІБ - Маңғыстау облыстық ішкі істер басқармасы
 ОББ - Маңғыстау облыстық білім басқармасы
 ОӘБ - Маңғыстау облысы бойынша әділет басқармасы
 ОЕжХӘҚБ - Облыстық еңбек және халықты әлеуметтік қорғау басқармасы
 ОСЖДМБ - облыстық спорт және дене мәдениеті басқармасы